

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ  
ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІНІҢ  
КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 26 қаңтар

Отырысты Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Д.С. ӘДІЛБЕКОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер және комитеттің кеңейтілген отырысына қатысып отырған азаматтар! Комитеттің кеңейтілген отырысын жүргізуге қажетті кворум бар.

Бүгінгі отырысқа Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Омаров Марат Талғатұлы, Сауда және интеграция вице-министрі Күшікова Жанель Сабырқызы, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Дайырбеков Нұрбек Слямханұлы, сондай-ақ тізім бойынша мемлекеттік органдардың өкілдері бейнеконференц жүйесі арқылы қатысып отыр.

Қатысушылардың толық тізімі алдарыңызды бар. Отырысты ашық деп жариялаймын. Күн тәртібі бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар?

ОРНЫНАН. Бекітеміз.

ТӨРАҒА. Күн тәртібі бекітілді.

Комитеттің кеңейтілген отырысының күн тәртібінде үш мәселе қаралады.

Бірінші мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Омаров Марат Талғатұлына беріледі.

ОМАРОВ М.Т. Қайырлы күн, құрметті Дәурен Зекенұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «2014 жылғы 12 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссияның бәсекелестіктің бірыңғай қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде құпия ақпаратты қорғау тәртібі және оны жария еткені үшін жауаптылық туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Арменияның Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық шарттарына, келісімдеріне қосылуы жөнінде міндеттемелерді қабылдағанын ескере отырып хаттамада келісімге қосылу көзделген.

Данным соглашением определены меры по защите конфиденциальной информации, полученной Евразийской экономической комиссией при рассмотрении заявлений, проведении расследований и рассмотрении дел о нарушении общих правил конкуренции на трансграничных рынках.

Вышеуказанное соглашение подписано 12 ноября 2014 года Республикой Казахстан совместно с Российской Федерацией, Республикой

Беларусь. В соответствии с ратифицированным протоколом Республика Армения присоединяется к соглашению.

Таким образом, присоединение Республики Армения к данному соглашению позволит обеспечить ее полноправное участие в реализации полномочий Евразийской экономической комиссии по контролю за соблюдением общих правил конкуренции на трансграничных рынках в отношении субъектов государств – членов Евразийского экономического союза. Прошу поддержать данный законопроект.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар болмаса қосымша баяндама жасауға рұқсат етіңіздер.

Құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған заң жобасы Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасындағы бәсекелестіктің бірыңғай қағидаларын жүзеге асыруы кезінде құпия ақпаратты қорғау жөніндегі келісімге Армения Республикасының қосылуын көздейді. Осы келісім Еуразиялық экономикалық комиссияның трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы, тергеулер жүргізу және істерді қарау кезінде құпия ақпарат пен жұмыс істеу тәртібін регламенттейді.

Заң жобасы бойынша әзірлеуші мемлекеттік органның қатысуымен жұмыс тобының отырысы өткізілді. Онда туындаған сұрақтардың барлығына тиісті жауаптар алынды. Заң жобасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттері оң қорытындыларын ұсынды.

Заң жобасын іске асыру қаржылық шығындарды талап етпейді, жоғарыда аталғанды ескере отырып, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын және Сенаттың жалпы отырысына қарауға шығаруды ұсынамын.

Құрметті әріптестер, қосымша баяндама бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сөз сөйлейтіндер бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Заң жобасы бойынша қандай ұсыныстар бар?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Заң жобасын Сенаттың жалпы отырысының қарауына шығару туралы шешімді дауысқа саламын. Дауыс берулеріңізді сұраймын. Қолдайсыздар ма?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша Сенаттың отырысында негізгі баяндама жасаушы Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау

және дамыту агенттігінің төрағасы Жұманғарин Серік Мақашұлы болады. Қосымша баяндамашы ретінде өз кандидатурамды ұсынамын.

Басқа ұсыныстар жоқ болса тиісті шешім қабылданды.

Марат Талғатұлы, сізге рақмет. Конференциядан шыға беруге болады.

Екінші мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция вице-министрі Күшікова Жанель Сабырқызына беріледі.

КҮШІКОВА Ж.С. Рақмет.

Құрметті Дәурен Зекенұлы, құрметті депутаттар! Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге 2019 жылғы 25 қазанда Мәскеу қаласында қол қойылды. Келісім бойынша келіссөздерді бастау туралы шешімді Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің басшылары 2016 жылы қабылдады.

Қазақстанда, Беларусияда, Ресейде Еркін сауда туралы екіжақты шарттар қолданылған. Осылайша жаңа шарт одақтың барлық мүше-мемлекеттері үшін Сербиямен саудада бірыңғай сыртқы сауда режимін қалыптастырады. Жаңа келісім 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа қосылған Армениямен және Қырғызстанмен преференциялық сауда режимін унификациялауға бағытталған.

Еуразиялық экономикалық одақ шегінде жаңа келісім отандық кәсіпкерлер үшін қосымша экспорттық мүмкіндіктер береді. Мысалы, Қазақстан Сербияға квоталар шеңберінде бұрын еркін саудадан алынған ірімшік, алкоголь, темекіні бажсыз әкеле алады. Өз кезегінде Еуразиялық экономикалық одақтың мүше мемлекеттері Сербияның агроөнеркәсіптік өнімдеріне (ірімшік, темекі, бренди өнімдері) қатысты қол жеткізу шарттарын жақсартады. Ішкі нарықты қорғау мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ құс еті, қант, маталар, алкоголь, темекі, сонымен қатар компрессорлар мен моторлы көлік құралдары сияқты өндірістік тауарларға сауда преференциясының күшін таратпайды. Аталған тауарлар алып тастау тізімінде сақталады.

Жаңа келісімнің артықшылықтарының бірі оны Дүниежүзілік сауда ұйымының негізгі нормаларымен толықтыру болып табылатынын атап өту қажет. Бұл санитариялық және фитосанитариялық шаралар, техникалық реттеу шаралары, зияткерлік меншік объектілерін қорғау мәселелеріне қатысты. Осылайша Сербия Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болмай, халықаралық ұйымның тиісті ережелерін орындау бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

Заң жобасын іске асыру республикалық бюджеттен қаражат бөлуді талап етпейді, сондай-ақ теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

Депутат Сұлтанов.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Осы мәселеге қатысты Ауыл шаруашылығы министрлігіне сұрағым бар. Сербияда жеміс-жидек өсіру саласы өте дамыған, ВТО-ға кірмегеннің өзінде сол Еуропаның жартысын қамтып отыр. Тәжірибе алмастыру, не одан сатып алу жағынан қарым-қатынастар бар ма? Бізде бұл сала дамымаған, соған көңіл аударып жұмыс істеген дұрыс болар деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері бар ма?

ЗАБЕКОВ А.Т. Сәлеметсіздер ме, құрметті депутаттар! Забеков Азамат, ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті. Нурбек Сламханович сегодня не смог принять участие. Мы письменно направим ответ по данному вопросу.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қосымша баяндама жасау үшін сөз комитет мүшесі Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Құрметті Дәурен Зекенұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасы туралы баяндамашы толық баяндады. Заң жобасының мақсаты Сербия Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасындағы өзара сауданы жақсарту үшін жағдай жасау.

Келісімнің басты мақсаты тараптар арасындағы тауар саудасын ырықтандыру мен оңайлату және еркін сауда аймағын қалыптастыру үшін негіз құру.

Заң жобасының негізгі міндеті алып қою тауарларынан басқа Сербия Республикасының Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне және осы одақ елдерінен Сербия Республикасына тауарларды әкелу кезінде кедендік әкелу баждарының күшін жою, сондай-ақ бірқатар тауарларды бажсыз әкелуге квота беру.

Заң жобасы Сербия Республикасымен сауда-экономикалық қатынастарды жақсартуға және тауар айналымын арттыру үшін алғышарттар жасауға мүмкіндік береді.

Бұл ретте келісім шеңберінде әрбір тарап екінші тараптың тауарларына қатысты ұлттық режимді қолдануға міндеттенеді.

Келісім тараптарға қоғамдық моральді, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында шектеулер қолдануға кедергі келтірмейді.

Келісім ішкі нарықты қорғау шаралары, саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар мен тауарлардың шығару елін айқындау ережелері, зияткерлік меншікті қорғау мәселелері сияқты сауданы реттеу мен ынтымақтастықтың тең ауқымын қамтиды.

Отандық кәсіпкерлер үшін қосымша экспорттық мүмкіндіктер ашылуда. Келісімде Сербия ДСҰ мүшесі болмай-ақ оны ДСҰ-нің негізгі нормаларымен толықтыруға келіскені маңызды болып табылады.

Заң жобасы бойынша тиісті жұмыс тобының отырысы өткізілді, сұрақтарға жауап алынды.

Сенатты тұрақты комитеттерінің осы заң жобасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Жоғарыда аталғанды ескере отырып заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын және Сенаттың жалпы отырысының қарауына шығаруды ұсынамын.

Баяндама аяқталды, назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, қосымша баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Сөз сөйлейтіндер бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жақсы, онда заң жобасын Сенаттың жалпы отырысының қарауына шығару туралы шешімді дауысқа саламын. Қолдайсыздар ма?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша Сенаттың жалпы отырысында негізгі баяндама жасаушы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрі Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы болады. Қосымша баяндамашы ретінде Мамытбеков Еділ Құламқадырұлының кандидатурасы ұсынылады. Қолдайсыздар ма?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Осы мәселе бойынша шақырылған лауазым иелеріне конференциядан шыға беруге болады. Сау болыңыздар.

Үшінші мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Жанель Сабырқызына беріледі.

КҮШКОВА Ж.С. Құрметті Дәурен Зекенұлы, құрметті депутаттар! 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ратификациялауға ұсынылған хаттама алғашқы ірі хаттама болып табылады. Ол бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер сарапшыларының бірлескен жұмысы төрт жылдан астам жүргізілді.

Хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа түзетулердің үш блогын енгізуді көздейді.

1. Бәсекелестік саласындағы өзгерістер.

Бекітілген ережелердің бұзылу фактілерін анықтау шараларын жетілдіру мақсатында «жұмсақ құқық» ұғымы енгізіледі. Бұл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері бәсекелестік шарттарын бұзған жағдайда комиссияға ескертулер мен алдын ала ескертулер беруге мүмкіндік береді.

Алдын ала ескерту алғаннан кейін шаруашылық жүргізуші субъектілер бұзушылықтарды өздері жоя алады. Зардап шеккен субъектілер бұзушылармен келісе алады.

Бәсекелестікке қарсы тәжірибе жалғасқан жағдайда белгіленген айыппұлдар қолданылатын болады.

2. Еуразиялық экономикалық комиссияға энергетика, техникалық реттеу, макроэкономика, бәсекелестік және ветеринария салаларында қосымша өкілеттіктер беру.

Бұл өкілеттіктер Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қол қойылған халықаралық шарттардың, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың салдары болып табылатынын және комиссия қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталғанын атап ету қажет. Мысалы, техникалық реттеу саласындағы комиссия кеңесіне мүше мемлекеттердің акредитеттеу жөніндегі органдардың өзара салыстырмалы бағалауды жүзеге асыру тәртібін бекіту бойынша өкілеттіктер беріледі.

3. Техникалық түзетулер.

Шарттың нормаларын практикаға неғұрлым толық және дұрыс қолдану мақсатында шарт бойынша бес жылдан астам жұмыс, оның жеке бөліктерін түзету қажет екенін анықтады. Бұл негізінде олқылықтарды жоюға және Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт ережелерінің редакциясын нақтылауға бағытталған техникалық сипаттағы түзетулер.

Тұтастай алғанда заң жобасы республикалық бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Баяндамашыға сұрақтар бар ма?

Депутат Құртаев.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Жанель Сабырқызы, жуырда осындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мынаны жазған, Қазақстаннан 15 тонна помидор Омбыға жеткізілген. Омбыдағы лабораторияда помидорда бір инфекция бар деп тапқан. Ал тауар иелері ол помидорды Алматыдағы және Нидерландтағы тәуелсіз лабораторияға жібергенде олар оны жоққа шығарған. Осы мәселе қалай шешілді? Осындай жағдайларда Еуразиялық экономикалық одақ арасындағы сауданың болашағы қалай болады? Рақмет.

КҮШКОВА Ж.С. Действительно, с прошлого года Российская Федерация установила запрет на ввоз томатов и перца сначала из Павлодарской области, а с 16 января уже распространила на Актюбинскую и Алматинскую области. Сразу же, как были установлены такие ограничения, мы провели у себя внутреннее совещание на соответствие данных ограничений, провели ряд совещаний с Евразийской экономической комиссией, с российской стороны. По линии Министерства сельского хозяйства была проведена работа. В результате из Павлодарской области эти ограничения были сняты.

Но мы сейчас аргументируем российской стороне, проводим переговоры на самом высоком уровне – заместителей премьер-министров, что тот вирус, который был вменен нашим предприятиям, не находится в едином перечне карантинных объектов, соответственно, российская сторона не должна была его рассматривать, когда осуществляла

внутреннюю проверку перемещения товаров. В силу определенных обстоятельств были введены такие ограничения. Но сейчас в соответствии с нашей работой, проводимой нами и Министерством сельского хозяйства, они снимаются.

29 января запланировано проведение Евразийского экономического совета на уровне заместителей премьер-министров. Этот вопрос мы ставим одним из главных и будем его обсуждать, что если Российская Федерация будет планировать введение таких ограничивающих мер, чтобы как минимум были проведены предварительные консультации. Вирус есть, это обсуждалось до этого, обсуждалась возможность включения его в общий перечень, но решение еще не было принято. Несмотря на отсутствие такого решения, Российская Федерация все равно установила ограничение. Это является нарушением, и об этом мы будем говорить, добиваться каких-то приемлемых решений. Во-первых, по снятию ограничений с наших производителей, во-вторых, чтобы такого впредь не повторялось, когда наши предприятия сталкиваются с ограничениями непосредственно на границе без предварительного уведомления. Спасибо.

ТӨРАҒА. Әріптесер, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

Депутат Мамытбеков.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Жанель Сабыровна, у меня один вопрос. Я смотрю динамику экспорта Казахстана в страны ЕАЭС, в том числе в Армению, и импорта из Армении в Казахстан. У нас импорт из Армении вырос на 63,4 процента, экспорт товаров Казахстана в Армению – в 13 раз. По Казахстану понятно, но что мы из Армении импортируем? Я иногда наблюдаю, вообще не вижу ни одного армянского товара, или имеются в виду машины?

КҮШКОВА Ж.С. Едил Куламкадырович, спасибо за вопрос.

На самом деле сейчас очень много пошло армянских товаров, это соки, сухофрукты, традиционный армянский коньяк, сигареты. Если посмотрите статистику, то сигареты занимают достаточно большую долю в импорте из Армении.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптесер, басқа сұрақтарыңыз болмаса, қосымша баяндама жасау үшін сөз комитет мүшесі Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Уважаемый Даурен Зекенович, уважаемые депутаты! Предлагаемый вашему вниманию проект Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года» содержит изменения в сферах внешнеторговой политики, технического регулирования, конкуренции, энергетики, информационного взаимодействия, функционирования Таможенного союза, ветеринарных мер, макроэкономики, транспорта, естественных монополий, промышленности и агропромышленного комплекса, торговли, осуществления инвестиций.

Целью внесения данных поправок является совершенствование правовой базы Евразийского экономического союза путем устранения имеющихся пробелов в действующем праве.

В целях реализации положений Таможенного кодекса Евразийского экономического союза уточняется терминология Договора о ЕАЭС, а также устраняются пробелы, касающиеся возможности зачета авансовых платежей в счет уплаты ввозных таможенных, специальных, антидемпинговых, компенсационных пошлин.

В протоколе предусматривается внесение таких концептуальных поправок, как расширение полномочий Евразийской экономической комиссии по организационно-техническому обеспечению в рамках формирования общих рынков энергетических ресурсов, мониторингу актов Союза, утверждению актов и осуществлению определенных функций в сферах технического регулирования, макроэкономики, конкуренции и ветеринарии.

Внесение изменений в области конкуренции связано с введением института «мягкого права», в рамках которого комиссии будут переданы полномочия по выдаче предупреждений. Это касается субъектов хозяйствования на трансграничных рынках без процедуры расследования, что позволит самостоятельно устранить признаки нарушения общих правил конкуренции.

Кроме того, заявитель имеет возможность обратиться в любой орган по оценке соответствия или в испытательные лаборатории, аккредитованные и включенные в единый реестр органов по оценке соответствия Союза любого государства – члена Союза.

Законопроект не требует дополнительных финансовых средств из бюджета и не влечет негативных социально-экономических и правовых последствий.

Законопроект был рассмотрен на заседании рабочей группы с участием разработчиков, на ряд возникших вопросов были получены удовлетворительные ответы.

Замечаний от постоянных комитетов Сената и членов комитета по законопроекту не поступило. Считаю, что законопроект имеет необходимый, важный и большой стратегический характер.

Уважаемые коллеги, прошу поддержать данный законопроект и вношу предложение о включении в повестку дня пленарного заседания Сената 28 января 2021 года.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, қосымша баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Сөз сөйлейтіндер бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Заң жобасын Сенаттың жалпы отырысының қарауына шығару туралы шешімді дауысқа қоямын. Қолдайсыздар ғой?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.



ТӨРАҒА. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша Сенаттың жалпы отырысында негізгі баяндама жасаушы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрі Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы болады, қосымша баяндамашы ретінде Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызының кандидатурасы ұсынылады. Басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Шешім қабылданды.

Жанель Сабырқызы, сізге рақмет. Осы мәселе бойынша шақырылған лауазым иелері, конференциядан шыға берулеріңізге болады. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселелер толығымен қаралды. Осымен комитеттің кеңейтілген отырысын жабық деп жариялаймын.

### ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Экономикалық саясат,  
инновациялық даму және  
кәсіпкерлік комитетінің төрағасы

Д. Әділбеков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының инженерлік  
орталығы» РМК директоры

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің  
жетекші редакторы

И. Шыныбаева